

Humanities and Social Sciences in Europe: Achievements and Perspectives

**9th International symposium
27th January, 2016**



«East West» Association for Advanced Studies and Higher Education
GmbH, Vienna, Austria

**Vienna
2016**

«Humanities and Social Sciences in Europe: Achievements and Perspectives». Proceedings of the 9th International symposium (January 27, 2016). «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH. Vienna. 2016. 366 P.

ISBN–13 978-3-903063-95-2

ISBN–10 3-903063-95-9

The recommended citation for this publication is:

Koenig L. (Ed.) (2016). Humanities and Social Sciences in Europe: Achievements and Perspectives. The 9th International symposium proceedings (January 27, 2016), Vienna, OR: «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH, Vienna.

Editor Lucas Koenig, Austria

Editorial board Jana Ilyna, Russia
Wu Pan, China
Dragan Novak, Croatia
Dirk Eggers, Germany

Proofreading Andrey Simakov

Cover design Andreas Vogel

Contacts “East West” Association for Advanced Studies
and Higher Education GmbH, Am Gestade 1
1010 Vienna, Austria

Email: info@ew-a.org

Homepage: www.ew-a.org

Material disclaimer

The opinions expressed in the conference proceedings do not necessarily reflect those of the «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH, the editor, the editorial board, or the organization to which the authors are affiliated.

© «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH

All rights reserved; no part of this publication may be reproduced, stored in a retrieval system, or transmitted in any form or by any means, electronic, mechanical, photocopying, recording, or otherwise, without prior written permission of the Publisher.

Typeset in Berling by Ziegler Buchdruckerei, Linz, Austria.

Printed by «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH, Vienna, Austria on acid-free paper.

*Yeraliyeva Zhanar Muratovna,
Kazakh state women's teacher training university, PhD student
E-mail: zhanara10-80@mail.ru*

*Kurmanbayeva Meruert Sakenovna,
Al-Farabi Kazakh national university,
Acting professor*

*Kulbekova Ayman Abdizhapbarovna,
Kazakh state women's teacher training university, teacher*

*Kolev Tanko Peev, Agricultural University,
Candidate of Agricultural Sciences, Associate
Professor*

*Newsam Abigail Sophia,
Mississippi Valley State University, PhD Professor*

**The development of critical thinking skills of students
on the theme «The development of students' system
knowledge in the use of smart technologies for
growing wheat» according to Bloom's taxonomy**

*Ералиева Жанар Муратовна, Қазақ
мемлекеттік қыздар педагогикалық
университеті, PhD докторант E-
mail: zhanara10-80@mail.ru*

*Курманбаева Мерuert Сакеновна, Әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық университеті,
б. э.д., профессор м. а.*

*Кулбекова Айман Абдижапбаровна,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті, оқытушы
Колев Танко Пеев,
Аграрлық университет, а/ш. э.к., доцент*

*Ньюсам Абигейль София, Миссиссиппи
Валлей мемлекеттік университеті, PhD
профессор*

**Блум таксономиясы бойынша «Студенттердің бидай
өсіруде смарт технологияларын пайдалану туралы
жүйелі білімін дамыту» атты тақырыпта студенттердің
сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту**

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты — жан-жақты дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен теңесу. Ал оған жетудің басты жолдарының бірі — әлемдік

білім кеңістігінен орын алу. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үдерісін жетілдіру, инновациялық технологияларды дүниеге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз елін, халқын жанымен сүйетін тұлға қалыптастыру өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмей, іс жүзіне асыратын мәселе болып отыр. Жеке тұлғаны қалыптастыру саламатты, әлеуметті төзімді және мобильді, құбылмалы жағдайына бейімділігін, өзінің мүмкіндігін дұрыс іске асыра білетін мамандар дайындау қазіргі білім берудің басты мақсаты болып есептеледі.

Сабақ барысында студенттің ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялардың бірі — сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бұл технология Қазақстанда 1997 жылдан бері таныла бастады ¹.

«Сын ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сын ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «сұрыптап, жан-жақты қарастыру», «өзіне сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп келтіруге болады ².

Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні — студенттерді кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады ³.

Қорытынды. Блум таксономиясы бойынша студенттердің сын тұрғысынан ойлауды және белсенді танымды дамытуға бағытталған смарт технологиясының тапсырмалары көрсетілген. Оқу материалының құрылымда нақты оқыту стратегиялары берілген. Сын тұрғысынан ойлайтын студенттер оқу материалын белсенді талқылауға, өзара пікір алысуын ынталандыруға, сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны тану үшін әр түрлі стратегияларды қолданады. «Студенттердің бидай өсіруде смарт технологияларын пайдалану туралы жүйелі білімін дамыту» атты тақырып сабағында теорияны мазмұндау, тәжірибе жасау, яғни механикалық есте сақтау арқылы білімдерін көрсетсе, сонымен бірге түсіну, қолдану, талдау, талқылау, салыстыру, жинақтау, бағалау деңгейлері арқылы сөздік қорларын арттырып, ойларын ашық, еркін, дәлелді түрде айтуға үйреніп, дағыланады.

Әдебиеттер:

1. Рудик Г. А. Еуропалық біліктілік жүйесі контексінде ұлттық білім стандарттарын әзірлеу мен енгізу бойынша практикум – Қостанай, 2010.
2. Әлімов А. Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана, 2014. – 188 бет.
3. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту//Білім-Образование – 2006. – № 6. 3–4 б.

¹ Рудик Г. А. Еуропалық біліктілік жүйесі контексінде ұлттық білім стандарттарын әзірлеу мен енгізу бойынша практикум – Қостанай, 2010ж.

² Әлімов А. Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана, 2014. – 188 бет.

³ Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту//Білім-Образование – 2006. – № 6. 3–4 б.

Деңгей	Мазмұны	Студенттерге қойылатын сұрақтар	Студенттерге берілетін тапсырма
Б І Л І М	Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді: тест тапсырмалары, жатқа айту, анықтамалар мен атауларды қайталау, оларды қолдану тәртібін айту.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бидай дақылы жоғары сатыдағы өсімдік қандай тұқымдасқа, тұқымдастармағына, туысына жатады? 2. Басқа дәнді дақылдарға қарағанда бидай дақылын неге көп өсіреді? 3. Егіншілік шаруашылығында бидайды неліктен жұмсақ және қатты деп екіге бөледі? 4. Себу жиілігіне байланысты екі тарамды бидай аталуының себебі? 5. Бидайдың морфологиялық құрылысы? 6. Тамшылатып суару дегеніміз не? 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дәнді дақылдар қажеттісі бидайдың ыңғайлылығы жайлы мағлұмат беріңіз. 2. Бидай дақылы жақсы өсетін жағдайларды сипаттаңыз. 3. Қазіргі таңда табиғатта бидай өсіруді үнемдеу мен оңтайландырудың маңызын анықтаңыз. 4. Терминдерге глоссарий жазыңыз.
Т Ү С І Н Ү	Мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіру; есте сақталған мағлұматтарды басқаларға жеткізу жолдарын айқындау. Ұқсастықтарды анықтау, айырмашылық жасау мен салыстыру, нәтижені суреттеу. «Түсіну» ұғымын төрт	<ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Түсіндірме</i>. 1. Жалпы күздік және жаздық бидайлардың арасындағы ұқсастықтары және айырмашылықтары қандай? 2. Күздік бидай органогенездің қанша этапынан өтеді? 3. Профессор Рақым Оразалиевтің басшылығымен жасалған қандай бидай сорттары шет елдерде үлкен сұранысқа ие? 4. Солардың ішінде сапалы, өнімділігі жағынан әлемде бірінші орынға ие болған сорт? 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы күздік бидайлардың арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарды анықтау. 2. Күздік бидай өсіретін кезеңдерінің ерекшеліктерін сипаттаңыз. 3. Күздік бидайдың биологиялық ерекшеліктерін сипаттаңыз. 4. «Ақ бидайдың ата-бабамыз» тақырыбына эссе жазыңыз. <p>б. ғ.д., профессор,</p>

	<p>топка бөлуге болады:</p> <p>1. <i>Түсіндірме (интерпретация)</i> — негізгі идеяларды және олардың өзара байланыстарын анықтау: «Қалай? Неліктен?» сұрақтарына жауап іздену, «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмаларын орындау.</p> <p>2. <i>Аударма (трансформация)</i> — мағынаны сақтай отырып, идеяларды таныс жүйеге, формаға ауыстыру; форманы сөзбен айтып беру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, мәліметті өз сөзімен мазмұндау.</p> <p>3. <i>Мысалдар</i> — мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсетеді.</p>	<p>5. Қазіргі таңда ғалымның істелініп жатқан елең еңбектері, істері?</p> <p>6. Тамшылатып суару технологиясының жұмыс барысы және структуралық құрылымы?</p> <p>2. <i>Аударма.</i> 1) Күздік және жаздық бидайлардың арасындағы салыстырмалы ұқсастықтарды және айырмашылықтарды кестені қолдану арқылы көрсету, мазмұндау.</p> <p>2) Күздік бидайдың органогенез кезеңдерінің өзара байланыстарын, ерекшеліктерін айқындап, схеманы қолдану арқылы көрсетіп, түсіндіру (бидайдың вегетациялық кезеңдерінің суреті көрсетіледі).</p> <p>3) Тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиялардың салыстырмалы артықшылықтары және кемшіліктерін кесте көмегімен.</p> <p>3. <i>Мысалдар.</i> Жоғары өнім алу үшін экологиялық жағдайдың қолайлы болуы аса маңызды ма?</p> <p>4. <i>Анықтамалар.</i> Эндосперм, пластикалық заттар, генеративті даму анықтамаларына түсініктеме беру.</p>	<p>Оразалиевтің елге бидай өсірудегі аш жаңалықтарына қы</p> <p>5. Тамшылатып суару жұмыс барысы.</p> <p>6. Тамшылатып суару артықшылықтары анықтау арқылы жаңа технологиясымен ө</p>
--	--	---	---

<p>Қ О Л Д А Н У</p>	<p>4. <i>Анықтамалар</i> — атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтамаларды тұжырымдау (<i>анықтамалар жаттанды немесе қайталамауы керек</i>). Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.</p>	<p>1. Қазақстанның қай облыстарында бидай өсіруде тамшылатып суару технологиясы қолданылуда? 2. Қазақстанда тамшылатып суару технологиясы қанша гектар алқап-қолданысында? 3. Қытай, Израиль, Болгария мемлекеттері мысалында бидай өсіруде тамшылатып суару технологиясының қолданылуы, өнімділігі, пайдасы. 4. Қазіргі кезде Қазақстандағы тамшылатып суару технологиясының өнімділігі қандай? 5. Видео микроскоптың көмегі арқылы тамшылатып және жаңбырлатып суарумен өсірілген күздік бидайдың (түптену және толық пісу кезеңдері) уақытша препараттарынан вегетативті мүшелердің анатомиялық құрылыстарын көріп, альбомға суретін салу, белгілерін көрсету.</p>	<p>1. Қазақстанда егін бидай өсіруде тамшылатып суару технологиясының қолданылуының нәтижесі табысы. 2. Шетелде бидай өсіруде тамшылатып суару технологиясының өнімділігі (Қытай, Болгария, Израиль) және жаңбырлатып суарумен өсірілген бидайдың сапасы. Осы технологияның тиімдісі. 4. Тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиясының бидайдың (түптену және толық пісу кезеңдері) вегетативті мүшелерінің анатомиялық кескінін дайындау, препараттар дайындау, мүшелерінің анатомиялық құрылысын морфометриялық қоршау микроскоп қолдану.</p>
	<p>Зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны</p>	<p>1. <i>Негізін талдау</i>. Күздік бидайдың (түптену және толық пісу кезеңдері) тамшылатып және жаңбырлатып суару</p>	<p>Зерттеу нысанының мақсатында, яғни мақсатын анықтау (түптену және толық пісу кезеңдері)</p>

<p>Т А Л Д А У</p>	<p>құрамдас бөліктерге жіктеу. Студент әртүрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтайды, түсіндіреді. Түсінуден талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді. Талдаудың түрлері: <i>1. Негізін талдау;</i> <i>2. Астарлы мағынаны ажырату;</i> <i>3. Қозғаушы күшті (мотивацияны) анықтау;</i> <i>1. Негізін тану</i> — құрамдас бөліктерге жіктеу (мәліметтің негізі түсініктері арасындағы қатынастарды көрсету үшін студенттер оның шеңберінен шығуы керек), айтылған ойды дамыту.</p>	<p>мен өсірілген вегетативті мүшелердің анатомиялық құрылыстарының салыстырмалы морфометриялық көрсеткіштерін кестеден көрсетіп, жіктеу, талқылау, жүйелеу. <i>2. Астарлы мағынаны ажырату.</i> Бидай өсіруде тамшылатып және жаңбырлатып суару нәтижесінің маңызы? <i>3. Мотивация.</i> Күздік бидай өсіруде тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиялардың ұтымдылығының, маңызының себептерін айқындау үшін дәлелдемелер, мысалдар келтіре отырып, салыстырмалы түрде дәйектеу.</p>	<p>тамшылатып және жаңбырлатып өсірілген вегетативті мүшелердің анатомиялық құрылыстарының салыстырмалы морфометриялық көрсеткіштерін кестеден көрсетіп, өлшеп, саралай отырып, жаңбырлатып және тамшылатып суару нәтижесінің маңызын айқындау үшін дәлелдемелер, мысалдар келтіре отырып, салыстырмалы түрде дәйектеу.</p>
--	--	--	---

	<p>2. <i>Астарлы мағынаны ажырату (Под-текст)</i> — екі тұжырымның қатынасын көрсетуді талап етеді (тура көрсетілмеген шешімдер, ассоциациялар, себеп-салдар келтірілуі мүмкін).</p> <p>3. <i>Мотивация</i> — себептерді айқындау. Студент тура және жасырын (астар-лы) мағына мен әрекеттерді танып, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғауы керек.</p>		
СИТЕЗ	<p>Жаңа мазмұн тудыру мақсатымен элементтерді шығармашылықпен біріктіру. Болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастыру.</p>	<p>1. «Студенттердің бидай өсіруде смарт технологияларын пайдалану туралы жүйелі білімін дамыту» атты тақырыпта жоспар, жаңа модель құрастыру.</p> <p>2. Тақырып бойынша жинақталған теориялық және тәжірибелік зертханалық жұмыстар негізінде, технологияның маңызына және ерекшелігіне тұжырым жасау.</p> <p>3. Смарт технологиялар дегеніміз не?</p>	<p>1. Бидай өсіруде та технологиясы жайы ақпараттарды жүйелі және сапалы бидай өсіру жоба даярлау.</p>

	<p>Жұмыс және нәтиже түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шығармашылық жанрлар; 2. Жоспар құрастыру немесе тәжірибе қою, өткізу; 3. Абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер. 	<p>4. Өнімді және сапалы бидай алу үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданар едіңіз?</p>	
<p>Б А Ғ А Л А У</p>	<p>Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы деңгейлердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді.</p>	<p>Инсерт әдісі бойынша алған білімдеріне талдау жасай отырып, студенттердің ақпаратты толық меңгергенін бағалау. Әр студенттің өзіне «осы материалдан не білемін», «мен үшін түсініксіз», «мен үшін жаңа ақпарат», «жұмыс барысында қандай сұрақтар туындады және қандай сұрақтарға жауап табылмады» деп баға беруінің маңызды екені түсінікті. Осы төрт пункт өзін-өзі бағалаудағы кез келген сәтте өзекті мәселе болып қала береді.</p>	<p>Нәтижесінде студенттер — Оқу материалы қорытынды жазбаша түрде — Ішкі немесе сыртқы бағалауларға сүйеніп, оқу нәтижелерінің маңыздылығын айқындайды. — Жасалған шешімдердің қорытындылардың сәйкестігін анықтайды.</p>

